

VI . Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Мектеп кітапханасы жөніндегі мәлімет

Мектепте кітапхана жұмыс жасайды. Кітапхана стол, орындықтармен, 1 дана компьютермен жабдықталған, интернет желісіне қосылған. Кітап қоры жеткілікті. 2019-2020 оқу жылында мектеп кітапханасында педагогтар мен білім алушыларға қолайлы орта құру мақсатында «Коворкинг орталығы» жабдықталды. Орталық жұмсақ жиһаздармен, теледидермен, қолжетімді сөрелермен, электронды оқулықтармен және көркем әдебиеттермен жабдықталған. «COWORKING» орталығы ашылғалы «Оқуға құштар мектеп», «Балалар кітапханасы» READ, BOOKDATING жобалары аясында оқушылармен түрлі шаралар өткізіліп келеді.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен ақпараттық мәдениетін дамытуда рухани құндылығы бай тұлғаны қалыптастыру үшін кітапхананың маңызы зор болғандықтан мектеп кітапханасы мына бағыттар бойынша жұмыс атқарады:

1. Мектеп кітапханаларындағы кітап қорының жай-күйі, қорды есепке алу, сақтау, пайдалану, өңдеу және жаңарту жұмыстарын жүргізу;
2. Оқушыларды мектеп оқулықтарымен толық қамтамасыз ету;
3. Мерзімді басылымдар мен көркем әдебиеттерге тапсырыс беру;
4. Мектептегі оқу-тәрбие процесін ақпараттық қамтамасыз ету;
5. Оқырмандардың дереккөздерге қолжетімділігін қалыптастыру;
6. Кітап оқуды насихаттау;
7. Кітапхана жұмысының есебін жүргізу;

Кітапхана көлемі 47/87 шаршы метрді құрайды. Кітапхана стол, 10 орындығымен, 1 компьютер, 5 ноутбукпен қамтылған. Интернет желісіне қосылған. Кітапхананың қызмет көрсету бөлімі мен оқу залы бірге орналасқан, оқулық сақтайтын қоймасы, жалпы кітап сақтайтын бөлмесі бар. Фоейде демалу аймағы да қарастырылған, яғни Коворкинг орталығы бар.

Білім бөлімінің қаражатынан көркем шығармаларға тапсырыс беріліп толықтырып отырылады. Мектеп кітапханасы ғаламторда еркін жұмыс жасауы үшін заманауи компьютерлік техникалармен жабдықталған. Оқырмандардың еркін әрі ыңғайлы жұмыс жасуына кітапханада толық мүмкіндік жасалған. Мектеп кітапханасында кітапхана меңгерушісі : Құлбаева Айткүл Камалиқызы Бітірген оқу орны: Қызылорда «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты «Кітапхана ісі» . Еңбек стажы 20 жыл. Медициналық кітапшаның жарамды уақыты 16.03.2025-16.03.2026 жыл аралығы. Білім жетілдіру сертификаты № 0699315 02.10-13.10.2023 ж аралығында «Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру» бағдарламасы бойынша 80 сағат біліктілік арттыру курсынан өткен.

Оқу жылдары бойынша мектеп кітапханасының жалпы қоры туралы мәлімет

Оқу	Жалпы қор	Оның ішінде	
-----	-----------	-------------	--

жылдары		Оқулықтар	Көркем әдебиеттер	Әдістемелік құралдар	Электронды оқулық	Электронды кітап
2023-2024	4638	2433	1994	119	78	14
2024-2025	5140	2549	2380	119	78	14
2025-2026	5327	2731	2380	122	78	16

Негізгі көр

2024-2025 оқу жылында электронды оқулықтар саны 78 - дана. Оның ішінде пәндер бойынша:

- «Қазақ тілі» пәні бойынша – 5;
- «Әдебиет» пәні бойынша – 3;
- «Орыс тілі» пәні бойынша – 2;
- «Литература» пәні бойынша – 0;
- «Математика» пәні бойынша – 8;
- «Информатика» пәні бойынша – 2;
- «Ағылшын тілі» пәні бойынша – 0;
- «Физика» пәні бойынша – 5;
- «Биология» пәні бойынша – 5;
- «Химия» пәні бойынша – 3;
- «Тарих» пәні бойынша – 6;
- «Музыка» пәні бойынша – 1;
- «География» пәні бойынша – 3;
- «Дүниетану» пәні бойынша – 1;
- «Еңбек», «Сызу» пәндері бойынша – 1;
- Аудиокітаптар – 18
- Оқыту әдістемесі – 15

Мектеп кітапханасы жыл сайын мерзімді басылымдармен толығып отырады. 2023 жылы 1-жылдық мерзімді басылымдарға барлығы 5 басылымға жазылған. Оның ішінде, республикалық басылымдар – 2; облыстық газет-жуналдар – 2; аудандық басылымдар-1. 2024 жылы барлығы 5 басылымға жазылған. Оның ішінде, республикалық басылымдар – 3; облыстық газет-жуналдар – 1; аудандық басылымдар – 1. 2025 жылға барлығы 5 басылымға жазылған. Оның ішінде, республикалық басылымдар – 3; облыстық газет-жуналдар – 1; аудандық - 1 басылымдарға жазылды.

2023–2024 оқу жылында мектеп кітапханасында атқарылған іс-шаралар туралы анықтама

023–2024 оқу жылы барысында мектеп кітапханасы оқушылардың әдеби-мәдени дүниетанымын кеңейту, көркем әдебиетке қызығушылығын арттыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту бағытында бірқатар танымдық және тәрбиелік іс-шаралар өткізді.

Т. Әбдіковтің “Қонақтар” әңгімесіне әдеби талдау

Мақсаты: Төлен Әбдіков. "Қонақтар". "Қонақтар" әңгімесінің тақырыбы - адамның адамгершілік мәселелеріне арналған. Идеясы - баланың ата - ана алдындағы перзенттік парызы, қара шаңырақ. Автор өз көзқарасы арқылы отбасылық құндылықтардың жоғалып бара жатқандығын сыни көзқараста жазып, шығарма арқылы үлкен әлеуметтік мәселені көтерген. Оқиға басында Ерғабұл шал мен кемпірінің ауылдағы тіршілігі суреттеледі. Қарттардың баласын сағына күтуі. Қаладан баласы Сапабектің отбасымен ата - анасының үйіне келуі. Қарттың арманы - қара шаңыраққа ие ұлдың ауылда қалуы. Курорттан келе жатып, жылына бір соғып кететін баланың, оның әйелі Тома мен орысша сөйлейтін немересі Жеңіскеде әке көңілі толмайды. Соңғы үміті, немересін алып қалып, үйрету еді, ол ойыда ақталмады. Ерғабұл қарт - ұлттық болмыспен құндылықтарды сақтаушы, қара шаңырақты киелі ұғымдай қастерлеуші тұлға. Сапабек адам болмысының туа берілетін құндылығын - парыз, борыш ұғынын түсінбейтін, өз өміріне мәз бала. Әңгіменің көтерген тақырыбы ауыр болғанымен, сөз саптауы жеңіл, оқырманды өзіне баурап аларлық желісі мықты. Шығарма баланың ата-ана алдындағы парызын ақтауға, отбасылық құндылықтарды жоғалтпауға тәрбиелейді.

Қали Шыңғысовтың туғанына 95 жыл толуына орай “Кеудесі – шын ақынның күй сарайы” поэтикалық марафоны (қазан айы)

Мақсаты: Ақынның поэзиясын насихаттау, оқушыларды ұлттық әдебиетке баулу, өлең оқу мәдениетін дамыту.

“Жемқорлық – ғасыр дерті” библиодайджест (қараша айы)

Мақсаты: Оқушылардың құқықтық санасын арттыру, жемқорлыққа қарсы көзқарасын қалыптастыру, адалдық пен әділдік құндылығын ұғындыру.



“Бағдаршам және Дымбілмес” театрландырылған қойылым (желтоқсан айы)

Мақсаты: Жол қозғалысы ережелерін үйрету арқылы оқушылардың қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, сахналық өнерге қызығушылығын арттыру.

“Суицид – қасіреттің қара түнегі” танымдық сағат (желтоқсан айы)

Мақсаты: Оқушылардың өмірге деген сүйіспеншілігін арттыру, психологиялық тұрақтылық пен өз-өзіне сенім қалыптастыру.

“Мен оқыған бір кітап” және “Ертегі айту” сайысы (қаңтар айы)

Мақсаты: Кітап оқуға ынталандыру, оқушылардың сөйлеу мәдениеті мен шығармашылық қабілетін дамыту.



“Қазақ даласының ұлы тұлғалары” кітап көрмесі (ақпан айы)

Мақсаты: Ұлт тарихындағы көрнекті тұлғалардың өмірі мен еңбегін насихаттау, патриоттық сана қалыптастыру.

“Наурыз келді – жыл басы” әдеби-сазды кеш (наурыз айы)

Мақсаты: Ұлттық салт-дәстүр мен мәдени құндылықтарды дәріптеу, Наурыз мерекесінің тәрбиелік мәнін ұғындыру.

“Кітап – қазына, кітап – байлық” буктрейлер байқауы (сәуір айы)

Мақсаты: Оқушыларды шығармашылық форматта кітап оқуға тарту, ақпараттық технологияны пайдалана отырып әдебиетті насихаттау.

“Бәрін таста – кітап оқуды баста” акциясы, “Үзілісте кітап оқу” челленджі (мамыр айы)

Мақсаты: Оқушылардың бос уақытын тиімді өткізуге бағыттау, кітап оқудың маңызын арттыру, тұрақты оқу дағдысын қалыптастыру.

2024-2025 оқу жылында өткізілген іс-шаралар

Анықтамалар

Қыркүйек айында тілдер күніне орай кітапханада «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты кітап көрмесі өткізілді



5 қыркүйек- Қазақстан халқының тілдер күні мерекесіне орай «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Жыл сайын мереке ҚР Үкіметінің шешімімен 2018 жылдың 5 қыркүйегі алғашқы қазақ әліппесінің, тіл білімі, әдебиеттану оқулықтарының авторы Ахмет Байтұрсыновтың туған күнінде аталып өтіледі. Мереке аясындағы көрменің мақсаты еліміздегі көпұлтты елдің тұтастығын сақтау, қазақ тілін дамыту және тарату, жас ұрпақтың бойында өз халқының да, елде тұратын басқа ұлттардың да мәдениеті мен дәстүрлеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, тілге, елге, ұлтқа байланысты басылымдармен таныстыра отырып сүйіспеншілікке үйрету.

Кітап көрмесімен таныстыру барысында тіл біліміне үлкен үлес қосқан Ахмет Байтұрсынұлына және оның еңбектеріне баса назар аударылып жеке тоқталып өтті. Ұсынылған кітаптардың қатарында Ахмет Байтұрсыновтың бес томдық шығармалар жинағы, “Тіл тағылымы”, Осман Асылының “Тіл тәуелсіздігі – ел болашағы”, “Мемлекеттік тіл ұлттық бірегейліктің негізі” және Тіл білімі антологиясы сериясымен шыққан Ғ. Мұсабаев, Ж. Манкеева, Ш. Сарыбаев, І. Кеңесбаевтың “Қазақ тіл білімінің мәселелері” атты еңбектерімен, мерзімді басылымдармен және т.б. тіл тақырыбында қалам тербеген жазушылардың еңбектермен толықты.

Әбілда Тәжібаевтың туғанына 115 жыл толуына орай «Әбілда оқулары» атты челлендж 7 сыныбымен өтті.

Мақсаты: Әбілда Тәжібаев – ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым. Филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының халық жазушысының туғанына биыл 115 жыл. Әбілда Тәжібаевтың қаламынан туған шығармалары сыршылдығы, ойшылдығымен ерекшеленеді. Драматург ұзақ шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеген мол мұра қалдырды. 7 сынып оқушылары Алмасова Дильназ, Алпысбай Айкерім, Жұмахан Рамазан ақынның өлеңдерін жатқа айтты. Көрнекілігі: Ә. Тәжібаевтың кітаптары, суреттері, буклет, слайд, нақыл сөздері



«Досым оқыған кітап» атты дауыстап оқу сағаты өтті

Мақсаты: Оқушылар әдеби кітаптарды оқып бір біріне оқуға ұсынды. Кітап оқу арқылы ғана білімдерін шыңдап, сөздік қорларын молайтады. Оқушылар кітапханаға келіп кітап оқып, бір біріне мен оқыған кітаптарымен бөлісті.



Оқуға құштар мектеп жобасы аясында кітап оқу сағаттары да өтіп тұрады.

«Демалыста кітап оқимыз» буккроссинг

№ 79 негізгі мектеп оқушыларын кітап оқуға шақыру, акцияға қатысуға тарту арқылы оқу белсенділігін арттыру, оқу мәдениетіне тәрбиелеу, «Өзің оқысаң досыңмен бөліс» қағидасы бойынша кітапқа екінші өмір сыйлауға құштарлықтарын ояту мақсатында өтетін «Демалыста кітап оқимыз» атты республикалық буккроссинг аясында 4 сынып оқушысы Қарымсақов Нұрислам «Алдар көсе» атты ертегілер жинағын оқыды. 7 сынып оқушылары Алпысбай Айкерім, Алмасова Дильназ, 8 сынып оқушысы Өтебай Дильназ, 9 сынып оқушысы Ерғазы Арай өзге оқырмандарды акцияға қатысып, жазғы демалыс уақытында кітап оқуға шақырды.



Оқушылар өздерінің оқыған кітаптарын бір біріне ұсынады. Оқыған қызықты беттерімен бөліседі. Ары қарай жақсы кітап таңдасуға бір біріне көмектеседі.

КІТАП-МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ҚҰНДЫЛЫҒЫ"

№79 негізгі мектеп кітапханасында 23 сәуір – Халықаралық кітап және авторлық құқық күніне арналған «Кітап – мәңгілік елдің құндылығы» атты мерекелік шара ұйымдастырылды.

Кітап - әлемде ешбір теңдесі жоқ ғажайып дүние. Кітап –білім қазығы, өмір азығы болса, кітапхана-халықты әлемдік өркениетпен таныстыратын, ұлттық болмысымызды әлемдік руханиятпен табыстыратын қасиетті орда, сана мен ойдың шамшырақ сарайы. Кітапты мәңгілік рухани азық деп таныған жандар, кітаптың келешекке адамзат баласының иманы жан тазалығының кепілі. Есте жоқ ескі заманда фәниден – бақиға өткелі жатқан кемел ойлы кемеңгер бір ғұламадан: «Халықтың қазынасы дегеніміз не?» деп сұрапты ел. Сонда, «Ол – кітап» - деп жауап беріпті ғұлама. Одан беріректегі ұлы Шекспир: «Кітап маған тақтан да қымбат» деген.

Кітапханаға жиі қатынап, өз білімін тереңдете, қызығушылықпен кітап оқитын кітапқұмар оқырмандарымыз жылдан- жылға көбеюде, Талғатқызы Инабат, Алпысбай Гүлсезім, Ұлжан, Жанбөбек Нұрасыл, Ернұрұлы Шахкерім, Қуанышұлы Досжан, Серікбайқызы Шырын, Өтебай Дильназ кітапханада өткізілетін барлық іс- шараларға атсалысып, белсенділіктерін танытты. Сонымен қатар, өскелең ұрпақты жан-жақты жетілген адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуде ертегінің алатын орны ерекше. Шарада оқырмандар ән-күй, билерімен өнер көрсетіп «Қызыл телпек», «Шалқан» ертегілерінен сахналық қойылым қойып, «Сиқырлы ертегілер» пазл құрастырып, «Ойлан, тап», «Кім жылдам» ойындарында жасырылған қазақ және әлем балалар жазушыларының шығармаларына арналаған сұрақтарға жауап берді. Шара соңында «Әдеби кейіпкерлер әлемі» атты көрмеге шолу жасалды.



«READx» жобасының мақсаты – оқушының көркем әдебиетке, кітап оқуға деген қызығушылығын арттырып, шабыттандыратын, адамдардың көпшілік алдындағы сөйлеуін дамыту. «READx» – бұл оқырмандардың шабыттандыру алаңы, мұнда жасы мен беделіне қарамастан, қатысушылар өз ой толғаулары мен оқып білгендерін ортаға салады.

«READx» жобасының ұраны – «Оқуға ұмтыл!» Кітапханалық «READx» жобасының форматы, кітап оқуды насихаттайтын дәстүрлі және заманауи тәсілдердің бірігуі. Жобаға 2-9 сынып оқушылары қатысты. Қатысқан спикерлеріміз өздерінің кітап оқуға деген сүйіспеншіліктері қалай басталғаны, сүйікті кітаптары туралы таныстырып, қысқаша кітаптардың өмірбаяндарына және шығармаларының қызықты жерлеріне қысқаша тоқталып, оқырмандарды оқуға тартты. «Мен оқыған бір кітап» жобасына қатысқан оқушылар: Әбілтай Аянат3-сынып оқушысы «Қазақстан еліне сиқырлы саяхат», бұл кітап ғажайып әлемге сапар шегуге бастайды. Өз Отанымыз Қазақстан туралы әңгімелейді және сені қызықтыратын көптеген сауалға жауап бере алады, – дейді. Ал, 4-сынып оқушылары Алтынбекқызы Ұлдана: «Шаруа мен аю» кітабына орыс халық ертегілері және басқа халық ертегілері енген. Ішіндегі ертегінің бәрі, әсіресе, «Екі тышқан» ертегісі ұнады, – десе, Қарымсақов Нұрислам «Әжемнің ертегілері»

Бұл жинақта Қазақ халық ертегілері жинақталған, – дейді. Ал, сыныптастары «Қаңбақ шал», 5-сынып оқушысы Елеусізова Шырын «Абай» романын тілге тиек етті. Соның ішінде «Қара сөздеріне» маңыз береді. Бұл ақынның көп жылғы ой-толғанысының, мазасыз көңіл-күй кешуінің және азаматтық жанайқайының жемісі. Адамдық ар-ожданға кір келтіретін кемшіліктерден арылып, ең алдымен рухани өркениетке ұмтылуға, білім арттыру жолына түсуге шақыратынын айтады. Жетінші сынып оқушылары Алтынбекқызы Айкерім: «С.Мұқанов «Сұлушаш» романында Алтай мен Сұлушаштың арасындағы сүйіспеншілігі, бір-біріне деген ыстық ықыласы, екі жастың махаббаты қайғылы халде жырланған», – десе, 8-Сынып оқушысы Жәния Қыдырбекқызы Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» кітабында басты кейіпкер Ербол мен Меңтайдың махаббаты жақсы суреттелген, Талғатқызы Инабат Ғ.Мүсіреповтың «Ұлпанында» ескі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа қарсы шығып, ел басқару дәрежесіне дейін көтерілген қазақ әйелінің тағдыры шынайы суреттелгенін, Ерахмет Нұрсұлтан Ж.Аймауытовтың «Ақбілегінде» әйел тағдыры, әйел теңсіздігі, ескі салт-дәстүр мен әдет-ғұрыпқа қарсы шыққан әйел тағдыры суреттелетінін баяндады. Кеш тартымды өтті.



«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітапхана оқушылардың үзілісте күнделікті кітап оқуын «Бәрін таста, кітап оқуды баста» үзілісте кітап оқу. Мақсаты: кітап пен оқу белсенділігінің маңыздылығын арттыру, кітапқа деген қызығушылықты ояту. Кітап оқушылардың дамуында маңызды рөл атқарады. Оқу арқылы олар сөздік қорын толықтырады, ой – өрісін кеңейтеді, есте сақтау қабілеті мен зейінін дамытады. 4-сынып оқушылары Ұлдана Алпысбаева, Нұрислам Қарымсақов ертегілер, мерзімді басылымдар «Балдырған», «Айгөлек» оқыды. 7-сынып оқушылары Инабат Талғатқызы, Айкерім Алтынбекқызы Наргиз Төреханқызы, Дильназ Ерболатқызы «Атамұра» баспасымен шыққан көркем әдебиеттерге шолу жасады.

«Қыста кітап оқимыз» Оралхан Бөкеев «Қар қызы» буктрейлер. Оралхан Бөкеев – есімі дүние жүзіне танымал жазушы. «Қар қызы» повесі бір қарағанда, соғыстан кейін туған ұрпақтың қасіретін ұқсамайтын адамдардың жан әлеміне үңілетін туынды. Үлкен өмірде тағдырлас болып, енді қиын да қауіпті тапсырманы орындау барысында сапарласқа айналған құрдас жігіттердің арпалысы мифтік сарынмен қатар өрілген. Оқиғалар оқырмандарды қызықтырып, соңында не болады дегізіп, ынтықтыра

алады. Кітап балалар мен жасөспірімдерге, сондай – ақ , қиял әлемінен ажырамаған ересектерге арналады.

Кітапханадағы жаңа жылдық таңғажайп : мереке. Жаңа жыл қарсаңында кітапхана оқырмандары Әшірбек Инабат, Алпысбай Айкерім, Алмасова Дильназ, Қонысова Наргиз Ерғазы Құралай «Кітапханадағы жаңа жылдық таңғажайп : МЕРЕКЕ» атты мерекелік шыршаға қатысып, «Ертегілер кейіпкерлерінің жаңа жылдағы оқиғалары» атты тамаша қойылымын ұсынды. Жаңа жыл кеші жағымсыз кейіпкер Кикиморның қыстың көңілді мерекесін бұзбақшы болған әрекетімен басталды. Балалар тамаша мерекелік көңіл күймен суық Қысты, қоянды және Аяз Ата мен Ақшақарды қарсы алды.

«Үлкен әлемге жол ашатын-кітап» /библиодесант/

Жас ұрпақтың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, танымал қазақ және әлем балалары әдебиетін насихаттау, әдеби шығармалар арқылы балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, рухани және мәдени құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру мақсатында 3-сынып оқушыларымен «Үлкен әлемге жол ашатын –кітап» атты библиодесант өткізілді. Адам өміріндегі кітапхана мен кітаптың алатын орны, кітаптан, журналдан, энциклопедиядан оқып білуге болатын қызықты оқиғалар жайлы айтқан кітапханашының сөзін балалар ықыласпен тыңдады. Оқушылар кітап жайлы өлеңдер оқыды, оқыған кітаптан алған әсері мен кітап орудың пайдасы жайлы ойларын ортаға салып, пікірлесті. Шара соңынан «Кім көп біледі?» танымдық викториналық ойын өткізілді. Қатысушылар танымдық энциклопедиялар және әлем елдері мен таңғажайыптар туралы түрлі-түсті безендірілген кітаптармен үлкен қызығушылықпен танысты. Шара соңынан балаларға арналған ертегілер, танымдық кітаптар 15 күн мерзімге берілді.

«Кітапханадағы туған күн» балаларға арналған мерекелік іс шара болып өтті. Туған күн иелері 3-сынып оқушысы Жұмахан Нұрымжан, 7-сынып оқушысы Дүйсенғали Әсет .Мерекелік шараға туған күн иелерімен бірге ата-аналары, және достары қатысты. Балалар кітапханадағы уақыттарын өте көңілді өткізді. Бұл күні туған күн иелеріне ерекше сый –құрмет көрсетілді. Зал мерекеге сай әсем безендірілді. Мерекеде туған күн иелеріне тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Нақыпова Күлзира ,қазақ тілі мен әдебиет мұғалімі Бегежанова Рауан, бастауыш сынып мұғалімі Ермашова Айгул апайлары құттықтаулар айтып, жылы лебіздерін білдірді. Балалар ән салып, би билеп ,түрлі ойындарға белсене қатысты. Шара соңында туған күн иелеріне жаңа жылдық сыйлық сыйға берілді. Кітапхана- ол тек қана кітап ,журнал сақталатын орын ғана емес, ол – отбасылық бас қосулар мен көңілді кездесулер орны. Қызықты және ерекше өткен «Кітапханадағы туған күн» балалардың есінде мәңгі сақталып қалатын мереке болды.

«Кітапханадағы поэзия түні» атты әдеби –сазды кеш өткізілді.

Барлығы да, поэзия сен үшін –деп әдебиет патшалығының ғажайып ханзадасы һәм бірегей сардары ретінде салтанат құрған Мұқалидің күдіретті өлеңдері халқының жүрегінде. Шындығында, Мұқағали бойындағы тамаша талантын жұртына арнаған.

Қарасаз, қар шалғын өлеңде өстім,

Жыр жазсам, жұртым, елеңдестің.

Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев

Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім. – деп ақынның өзі айтқандай оның өлеңі өмірден өзі кетсе де, өшпей жалғасын тауып келеді. «Ғасыр ақыны » атанған Мұқағали жырлары жылдан жылға, ғасырдан –ғасырға жалғаса бермек. Ойын арқылы поэзияға баулу. «Jenga Book» ойыны ойнатылды, әдеби –караоке «Бақыт деген сенің балалық күндерің» әні шырқалды.

"Оқуға құштар мектеп" жобасы аясында ақын, жазушы, дарынды драматург, белгілі ұстаз Сәкен Сейфуллин 130 жыл толуына орай 8 сынып оқушыларына "Алаштың ардақтысы " атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Сәкен Сейфуллин туралы деректі фильм көрсетіліп шығармашылығы туралы толық мағлұмат берілді.



Атақты жазушы, акын, қазақ әдебиетінің қалыптасуына зор үлесін қосқан Бейімбет Майлиннің туғанына биыл 130 жыл толуына орай «Елім деп елжіреген жүрегі» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оның шығармашылық жолы жарқын оқиғалар, терең әлеуметтік идеялар және әлі күнге дейін оқырмандар мен зерттеушілерді шабыттандыратын мәңгілік шындыққа толы. Жастайынан жетім қалғанына қарамастан, Бейімбет Майлин өз сауатын ашып, Троицк және Уфа қалаларында білім алды. Мектепте мұғалім ретінде сабақ беріп, шығармашылық жолын қазақ халқының сауатсыздықпен күресіне арнады. «Қазақ» газетінде және «Садақ», «Айқап» журналдарында мақала жазумен айналысып, «Еңбекші қазақ» газетінде қызмет еткен. Бейімбет Майлин әр түрлі әдеби жанрларды жетік меңгеріп, өзін әмбебап жазушы ретінде көрсетті. Оннан астам өлеңдердің, көптеген әңгімелердің, очерктердің, фельетондардың авторы болды. Оның шығармалары өзекті әлеуметтік бағыттылығымен және терең психологиялық талдауымен ерекшеленді.

«Бейімбет Майлин әңгімелерінде терең шыншылдық бар, адам бейнесі, қарым-қатынастары әрдайым нанымды болып шығады. Бұл шығармалардың түр үлгісінде дөңгелек келген тұтастық айқын аңғарылады» – деп жазған Мұқтар Әуезов. Жазушы әңгімелерінде өз заманының шындығын мәлімдеп, қоғам тіршілігінің көрінісін реалистік тұрғыда көрсеткен дара тұлға. Шығармалары мен өлеңдерінің кейіпкерлері арқылы халықтың мұңын, өмірін суреттеп қана қоймай, өз терең ойлары мен ұстанымдарын жеткізе алған. Майлин қазақ әдебиетінің тарихында өшпес із қалдырды. Оның «Шұғаның белгісі» повесі, «Азамат Азаматович» романы, «Байдың қызы», «Мырқымбай» поэмалары сияқты шығармалары оқырмандар мен жазушылардың жаңа буындарын қуанытып, шабыттандырып келеді. Осыдан 130 жыл бұрын есімі қазақ әдебиеті тарихының алтын беттерінде мәңгілік қалатын жазушы дүниеге келді. Бейімбет Майлин – тек жазушы ғана емес, әдебиеттегі шындық, әділдік, адамгершілік үшін күрестің символы. Оның еңбегі ұрпақтарымызға даналық, өнеге ретінде ұлықтап, қазақ елі үшін жасалған құрбанын бағалайық.



«Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кітап көрмесі

Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуына орай «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты кең көлемді кітап көрмесі ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты - 100 жылдығы ЮНЕСКО көлемінде аталып өтілетін, 2024 жылы «Бір ел - бір кітап» республикалық акциясы аясында таңдалып алынған қазақ әдебиетіне өзгеше соқпақ салған көрнекті жазушы - Б.Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын насихаттау, шығармаларын ел болып оқуға ұсыну. Төрт бөлімді кітап көрмесін «Шыншыл суреткер», «Берен талант Бердібек», «Балалар бағының бағбаны», «Өмірдің өзіндей адал» атты тақырыптар қамтыды. Көрмеге 1967ж халықаралық Канн фестивалінде жүлде алған «Менің атым Қожа» кітабы, табанды, батыл жас жігіттің өмірі баяндалған «Өлгендер қайтып келмейді» еңбегі, қалалық қыз «Аяжан» жайлы, махаббат, сұлулық тақырыбына арналған «Қайдасың, Гаухар?» атты т.б еңбектері мен замандастарының естеліктері қойылды. Қаламгерлік келбетін ашатын әдебиеттер мен мерзімді баспа беттерінде жарияланған мақалалар оқырман қауымға ұсынылды.



«Дүрмектен озған дүр Оңғар »атты жыр кеші ұйымдастырылды, 7сынып оқушылары арасында. Жұмахан Рамазан, Алпысбай Айкерім, Ерболатқызы Дильназ, Талғатқызы Инабат, Қонысова Наргиз ақынның өлеңдерін жатқа айтты.

Дүр Оңғар – айтыс өнеріне де көбірек ден қойған ақын. Ол өз дәуіріндегі бірталай ақындармен айтысқан. Бірақ дер кезінде жинап, қағазға түсірілмегендіктен уақыт озған сайын ұмытылып, жұрт аузында айтыс өлеңдерінің аздаған шумақтары ғана сақталған. Соның бірі – Оңғар жыраудың Ырысты қызбен айтысы.

Абай: «Адам баласының көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» – дейді. Дүр Оңғардың «Кеңеске, кемеңгерлер, салсаң құлақ» өлеңінде:

– Кеңеске, кемеңгерлер, салсаң құлақ,
Көрінсе сөзім сұлу кеуілге ұнап.

Ұяның ұрлығы – асыл, сұңқарындай
Кездестік бүгінгі күн басты құрап.

Көрмесек шыдай алмай бір-біреуді
Көргенше сағынатын сырттан сұрап.

Мінгелі ат үстіне аға едіңдер,

Дос түгіл, тақпаған мін дұшпан сынап.

Тілектес сырттарыңнан мен қызметкер.

Тұзымды ақтамайды деме бірақ.

Қадырдан халық жақсысы, данышпандар

Өлсізге ақыл-жәрдемі ауысқандар.

Бөріге бойын билеп көріне алмай,

Шулайды, ала қарға, сауысқандар.

Шамамен зейін қойып, сөйле десең,

Жырауың тілін безеп дауыс қамдар.

Тұлпардың дүбіріндей жүзден озған,

Келеді құлағыма алыс хабар.

Бұл өлең шумақтары арқылы ол өзінің ой-сезімін білдіріп қана қоймайды, оның мінездемесі секілді.

Кісінің тәрбиелік деңгейі көбіне сөзінің сипатынан байқалады.



«Мерзімді басылымдар әлемінде»

Газет оқу — зиялылықтың белгісі. Ахмет Байтұрсыновтың «Газет — халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген сөзі бүгін де өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі таңда ақпарат алмасудың заманауи тәсілдері де көп. Қазір айтылған ақпарат көзді ашып-жұмғанша сол мезетте-ақ ғаламтор, түрлі сайттар мен әлеуметтік желілер арқылы әлемге тарап жатады. Бірақ газет оқу мәдениеті — қашанда талғамы жоғары оқырманның талабы. Шынайы ақпарат. Байыпты сараптама. Нақты тұжырым. Таңбаланған тарих. Секунд сайын жаңарып тұратын сайттардан газетті айрықшалап тұратын негізгі басымдық — осы. Газетке басылатын сөздің мағынасы зор, ықпалы ерекше. Ел азаматтарының ізгі істері, қоғамдағы өзекті мәселелер жайын газет бетінен табуға болады. Алпысбай Айкерім, Гүлсезім газет журналдар оқу сәтінен.

Жеңіс күні мерекесіне арналған «Ешкімде ештеңе де ұмытылмайды» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Балаларды Ұлы Отан соғысымен, қазақстандықтардың ерлік істерімен таныстырып, ой - өрісін дамыту. Оларды адамгершілікке, отанын сүйуге, оны қорғауға баулу. Отанға деген сүйспеншілігін арттыру.

9 мамыр күні Қазақстан халқы Ұлы Жеңіс күнін атап өтіп жатыр. Бұл мереке әр отбасына ыстық, өйткені соғыс бірде-бір жанұяны айналып өтпеді. Әр отбасында соғысқа қатысып, жеңіспен оралған немесе ерлікпен қаза тапқан және оралмаған ата-әжелері бар. Қаншама адам тылда еңбек етті. Сұрапыл соғыста жеңіске жету жолында миллиондаған адамның өмірі қиылды, сондықтан адамзат өткен соғыстың құрбандарын жақсы біледі.

«Қызықты балалар басылымдары» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты — басылымдарды насихаттау, қызығушылығын қолдау, өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік білімін арттыру, оқушыларды газет журналдар оқуға баулу, көркем әдебиетке деген құштарлығын ояту. Оқушылар өздерінің сүйікті басылымдары мен кітаптарынан Балдырған, Айгөлек, Мөлдір бұлақ, журналдарынан, Ұлан газетінен ертегілер айтып берді.



2025-2026оқу жылында өткізілген ісшаралар анықтамасы

ҒАСЫРДЫҢ БАТЫР АНАСЫ

Көп жыл бойы диканшылық кәсіппен айналысып, ел ырысы – Сыр күрішін өсіруден мол өнім жинап, еңбектен бақыт тапқан батыр ана, білегі – еңбектен, тілегі халықтан нәр алған, жүрегі ұрпағым деп тебіреніп, еліне еңбегімен танылып, өнегелі өмір иесі атанған, Социалистік Еңбек Ері, Сәлима Жұмабекованың 90 жылдық мерейтойына орай кітапханада «Ғасырдың Батыр Анасы» тарихи сағат ұйымдастырылды. 5 сынып оқушылары Келдібай Нұрсезім, Әбілтай Аянат, Талғатұлы Саламат, Болатбекұлы Алмат, Алтынбекқызы Ұлжан, Социалистік Еңбек Ері, Сәлима Жұмабековаға арналған өлеңдерін оқыды.

Жас өрендердің шығармашылық ізденістері арқылы еңбектің қадірі мен ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне деген құрметі айқын көрінді.



5_қыркүйек_Қазақстан_Халқы_Тілдері_күні

Тіл_халқымның_баға_жетпес_байлығы_кітап_көрмесі

Тіл_қазына_сөз_маржан_танымдық_кеші

5 қыркүйек Қазақстан Халқы тілдері күні мерекесіне орай оқу залында «Тіл халқымның баға жетпес байлығы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып оқырмандарға таныстырылды, «Тіл қазына, сөз маржан» атты танымдық кешімен жалғасты. Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, көпұлтты еліміздегі тілдердің қадір-қасиетін дәріптеу, жас ұрпақ бойына отансүйгіштік пен тілге деген құрметті қалыптастыру.


Шара барысында оқырмандар туған тіл туралы өлеңдер оқып, мәнерлеп сөйлеу шеберліктерін көрсетті.

Танымдық кеші өскелең ұрпақтың тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттар арасындағы достықты нығайтуға және көптілділікті дәріптеуге үлес қосты.



№ 79 негізгі мектебінде
2025–2026 оқу жылындағы **Қыркүйек** айындағы кітаптар қозғалысы
жайлы мәлімет

	Атауы	Қалдық		Кіріс қыркүйек		Шығыс		Қалдық	
		Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы	Саны	Сомасы
1	Көркем әдебиет	2380	3761323,51					2380	3761323,51
2	Оқулық	2549	5235430	182	619332			2731	5854762
3	Әдістемелік оқулық	119	187686	3	17862			122	205548
4	Дәптер								
5	Электронды кітап	78	38012	-	-			78	38012
6	Электронды оқулық	14	27832	2	4984			16	32816
	Барлығы	5140	9250283.51	187	642178			5327	9892461.51

Кітапханашы :  А.Құлбаева

2025– 2026оқу жылындағы

№ 79 негізгі мектебіндегі кітап қоры

P/C	Атауы	Саны	Соммасы
1	Көркем әдебиет	2380	3761323,51
2	Оқулық	1527	5046205
3	Әдістемелік оқулық	122	205548
4	Электронды кітап	78	38012
5	Электронды оқулық	16	32816
	Барлығы:	5327	9892461.51

Коммунальное государственное учреждение "Отдел образования по Кармакшинскому району" управления образования Кызылординской области"

Наименование государственного учреждения (централизованной бухгалтерии)

Утверждаю:

Руководитель государственного учреждения передающей стороны

Абдазиева Гульзира Мажитовна

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Утверждаю:

Руководитель государственного учреждения принимающей стороны

Әбікенова Сәуле Муратбекқызы

(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Место печати

года

Место печати

года

Акт приемки-передачи (перемещения) основных средств, незавершенного строительства и инвестиционной недвижимости

Номер документа	Дата составления	Организация (государственное учреждение) сдатчик	Организация (государственное учреждение) получатель
1	2	3	4
47	21.08.2025	Коммунальное государственное учреждение "Отдел образования по Кармакшинскому району" управления образования Кызылординской области"	Кызылорда облысының білім басқармасының Қармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің "№79 негізгі мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Инвентарный номер	Заводской номер	Дебет		Кредит		Наименование основного средства, инвестиционной недвижимости	Себестоимость (первоначальная стоимость), тенге	Шифр нормы амортизации/или срок полезного использования	Норма амортизации, %
		Счет/субсчет	Код аналитического учета	Счет/субсчет	Код аналитического учета				
5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
238200000174		7420	261005015	2382	0003	Көркем еңбек қыз балалар 7 сынып	19 600,00	077	1
238200000175		7420	261005015	2382	0003	Көркем еңбек . ұл балаларға оқулық .7 сынып	14 700,00	077	2
238200000206		7420	261005015	2382	0003	Әліппе 1 кл	35 840,00	077	3
238200000207		7420	261005015	2382	0003	Ана тілі . 1 кл .	42 840,00	077	4
238200000217		7420	261005015	2382	0003	Бейнелеу өнері . 4 кл .	30 520,00	077	5
238200000220		7420	261005015	2382	0003	Бейнелеу өнері 4кл. ӘН	2 912,00	077	6
238200000229		7420	261005015	2382	0003	Қазақ әдебиеті . 7 кл .	27 104,00	077	7
238200000266		7420	261005015	2382	0003	Биология . 7 кл .	27 776,00	077	8
238200000268		7420	261005015	2382	0003	Геометрия . 7 кл қаз	18 592,00	077	9
238200000270		7420	261005015	2382	0003	Қазақстан тарихы . 8 кл .	34 524,00	077	10
238200000272		7420	261005015	2382	0003	География . 7 сынып	27 776,00	077	11
238200000273		7420	261005015	2382	0003	Алгебра . 7 кл .	27 328,00	077	12
238200000274		7420	261005015	2382	0003	Қазақстан тарихы . 7 сынып .	29 120,00	077	13
238200000275		7420	261005015	2382	0003	Русский язык и литература . 2 часть . 7 кл .	27 552,00	077	14
238200000277		7420	261005015	2382	0003	Русский язык и литература . 1 часть . 7 сынып	27 104,00	077	15
238200000278		7420	261005015	2382	0003	Физика . 7 сынып	24 416,00	077	16
238200000298		7420	261005015	2382	0003	4 кл . Еңбекке баулу оқулық	19 880,00	077	17

238200000299		7420	261005015	2382	0003	4 кл. Еңбекке баулу жүйемелік нұсқаулық (электронды нұсқа)	2 492,00	077	18
238200000302		7420	261005015	2382	0003	4 кл. Русский язык. учебник для школ с нерусским яз. обучения	36 120,00	077	19
238200000303		7420	261005015	2382	0003	4 кл. Русский язык. методич. руководство для школ с каз. яз. (эл. вариант)	2 492,00	077	20
238200000345		7420	261005015	2382	0003	Химия Оқулық 7кл.	23 324,00	077	21
238200000346		7420	261005015	2382	0003	География Оқулық 8кл.	33 516,00	077	22
238200000412		7420	261005015	2382	0003	Жаратылыстану 4 кл. оқулық	37 100,00	077	23
238200000413		7420	261005015	2382	0003	Жаратылыстану. Әдістемелік нұсқаулық. 4 кл.	5 750,00	077	24
238200000413		7420	261005015	2382	0003	English language 4 for KZ. 4 кл.	47 000,00	077	25
238200000424		7420	261005015	2382	0003	Excel 7 for KZ. 7 кл.	37 600,00	077	26
238200000426		7420	261005015	2382	0003	English language 4 for KZ. Grade 4. Teachers Book. 4кл.	9 200,00	077	27
238200000433		7420	261005015	2382	0003				
Итого							672 178,00		

На основании распоряжения (приказа) № 5 от "21" августа 2025 года, произведен осмотр

Көркем еңбек қыз балалар 7 сынып
название объекта, принимаемого (передаваемого) в эксплуатацию от **Қызылорда облысының білім басқармасының Кармақшы ауданы бойынша білім бөлімінің "№79 негізгі мектебі"**
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

В момент приемки (передачи) объект находился в _____

Объект сдал:

Бухгалтер
(должность)

"21" августа 2025 года

Объект принял:

(должность)

"21" августа 2025 года

Отметка бухгалтерской службы передающей стороны

/ Главный бухгалтер передающей стороны


(подпись)

Әбілдаева Бахытқұл Темірбекқызы
(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

Отметка бухгалтерской службы принимающей стороны

/ Главный бухгалтер принимающей стороны


(подпись)

Г. Хамирова
(фамилия, имя, отчество (при его наличии))

ҒАСЫРДЫҢ_БАТЫР_АНАСЫ

Көп жыл бойы диқаншылық кәсіппен айналысып, ел ырысы – Сыр күрішін өсіруден мол өнім жинап, еңбектен бақыт тапқан батыр ана, білегі – еңбектен, тілегі халықтан нәр алған, жүрегі ұрпағым деп тебіреніп, еліне еңбегімен танылып, өнегелі өмір иесі атанған, Социалистік Еңбек Ері, Сәлима Жұмабекованың 90 жылдық мерейтойына орай кітапханада «Ғасырдың Батыр Анасы» тарихи сағат ұйымдастырылды. 5 сынып оқушылары Келдібай Нұрсезім, Әбілтай Аянат, Талғатұлы Саламат, Болатбекұлы Алмат, Алтынбекқызы Ұлжан, Социалистік Еңбек Ері, Сәлима Жұмабековаға арналған өлеңдерін оқыды.

Жас өрендердің шығармашылық ізденістері арқылы еңбектің қадірі мен ауыл шаруашылығы еңбеккерлеріне деген құрметі айқын көрінді.



5_қыркүйек_Қазақстан_Халқы_Тілдері_күні
Тіл_халқымның_баға_жетпес_байлығы кітап_көрмесі
Тіл_қазына_сөз_маржан танымдық_кеші

5 қыркүйек Қазақстан Халқы тілдері күні мерекесіне орай оқу залында «Тіл халқымның баға жетпес байлығы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылып оқырмандарға таныстырылды,

«Тіл қазына,сөз маржан» атты танымдық кешімен жалғасты. Іс-шараның мақсаты – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру, көпұлтты еліміздегі тілдердің қадір-қасиетін дәріптеу, жас ұрпақ бойына отансүйгіштік пен тілге деген құрметті қалыптастыру. Шара барысында оқырмандар туған тіл туралы өлеңдер оқып, мәнерлеп сөйлеу шеберліктерін көрсетті.

Танымдық кеші өскелең ұрпақтың тілге деген сүйіспеншілігін арттырып, ұлттар арасындағы достықты нығайтуға және көптілділікті дәріптеуге үлес қосты.



